

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ПОДСЕКЦИЯ 5.3
ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ: ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ
БАЙЛАНЫСТАР
ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРЫ СТРАН ВОСТОКА: МЕЖЦИВИЛИЗАЦИОННЫЕ
КОНТАКТЫ

УДК 321.01

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ЭТНОКОНФЕССИОНАЛДЫ ШИЕЛІНІСТЕР

Ашимов Султан Амангельдыұлы
sula4102@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 4 курс студенті
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – З.С. Ильясова

Екі ірі өркениеттің арасындағы көпір сынды дүние жүзінің дәл ортасында орналасқан Таяу Шығыс – тарих санауы басталған кезден бері болып жатқан сан алуанды құбылыстардың сахнасы. Бұл киелі жер адамзат баласының дамуына жол бастаған көне өркениеттердің туған жері болғаны үшін дүние бесігі деп саналады. Мыңдаған жылдар өткеннен кейін де Таяу Шығыс бүгінде түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени үдерістердің қызу алаңы болып қалады. Осы мақалада ғасырлар созылып жатқан халықтар мен дін өкілдерінің арасындағы толқынды қарым-қатынастарының нәтижесі ретінде басталған ХХ ғ. ортасынан бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан Таяу Шығыстағы этноконфессионалды шиеліністерге қысқа шолу қамтылған.

Стокгольм әлем мәселелерін зерттеу институтының баяндамасына сәйкес, 2020 жылы әлемде болып жатқан 39 қарулы қақтығыстың 7-еуі Таяу Шығыс өңіріне тиісті. Қарастырылатын қақтығыстардың кейбіреуінің басталу себептері қатысушы жақтардың саяси көзқарастары мен ұстанымдарында басым болса да, кейін қақтығыс кезінде әрбір елді мекеннің белгілі жақты таңдау барысында белгілі ру-тайпа бірлестігіне жату факторы елеулі рөл ойнады. Мысалы, 2011 жылы АҚШ басшылығында болған халықаралық коалицияның Ливия мемлекетіне шабуылы негізімен 40 жылдан аса билік еткен Муаммар Каддафи үкіметінің адам баласы құқықтарын бұзу әрекеттерін тоқтатуды көздегенімен, кейін өршіген азаматтық соғысқа қатысушы түрлі ру-тайпалардан тұратын топтар анархия үстемдік құрған жағдайдағы күресте өз жеке мүдделерін көздеген. 2014 жылдан бері әлі толығымен аяқталмаған саяси күрес нәтижесінде бүгінгі күні Ливия мемлекетінің аумақтық тұтастығы бұзылған. Елдің шығысында Бенгази қаласын орталық ретінде қолданылатын Аль-Фиржан тайпасының өкілі әскери қолбасшы Халифа Хафтардың басқаруындағы Ливия Ұлттық Әскері мен елдің батысында бұрынғы Каддафи үкіметінің астанасы Триполи қаласында орналасқан Ұлттық Келісім Үкіметінің күштерінің арасындағы күрес екі жақты да көндіре алатын шешімнің жоқтығына әкелді [1]. Бұл күрестің негізінде Каддафи билігінің кезінде белгілі ру-тайпалардың қолдауына қол жеткізу жолында басқа ру-тайпалардың мүдделерін ескермеу қателі саясаты жатыр. Бүгінгі күні наразы болған ру-тайпалар елдегі жағдайды пайдаланып, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту мақсатында өз мүдделерін қамтамасыз ету қажет кезде жоғарыда аталған екі жаққа да

әскери көмегін көрсетумен күрестің шиеленісуіне үлес қосуда. Атап айтқанда, Ливиядағы ру-тайпалардың бір-бірімен жау болуының себебі шығу тегінде жатыр. Орта ғасырларда болған Ислам дінінің Солтүстік Африка өңіріне таралануы жергілікті бербер тайпаларын араб тілі мен мәдениетіне толық сіңіруден өткізе алмады, өз салттары мен дәстүрлерін сақтауды жөн көрген ру-тайпалар ғасырлар бойы араб қоғамынан алыс Сахара шөлді аудандарын мекендеумен болды. Ливия мемлекеттігінің тарихында бүкіл ру-тайпалардың бір жеке орталықтандырылған саяси құрылымға қосылып бірігуі ХХ ғ. Муаммар Каддафидің кезінде ғана жүзеге асырылды. Бірақ, сол тәжірибе әрбір ру-тайпаның көңілінен шықпады. Себебі мың жылдан аса біртұтас мемлекетке ешбір рет жиналмаған сан алуан араб және бербер тайпаларын Муаммар Каддафи өз уақытының шарттарына байланысты әрбіреудің разылығын тауып тату өмір сүре алатын модель шығаруға күші жетпейтін. Өткен ғасырдың барысында кең таралып кеткен социализм қағидалары мың жылдан аса көшіп-қонып жүрген тайпалардың өмірлік көзқарастарына сәйкес келмейтін. Алайда, қазіргі жылдары даму жолына түскен ливиялық қоғам отырықшы өмір салтына өткеннен кейін де, заңнама құру, билеуші сайлау мәселелерінде өзінің ғасырлық дәстүрлеріне басым маңыздылық береді. Әлемде аумағының ауданы жағынан 16-шы орын алатын Ливияның жерінде іс жүзінде екі бөлек бір-біріне бағынбайтын мемлекеттік құрылымның қайта бірігуіне екі жақтың талаптарын қамтамасыз ете алатын барлық ру-тайпалардың мүдделері орындалуы үшін биліктегі позицияларды ру-тайпалардың арасында бөлу моделі қажет. Кемінде, елдің қайта келтірілуіне дейінгі кезеңде бұл модель бүкіл халықтың бір орталықтан басқарылуына жағдай жасайды.

Таяу Шығыста сан алуан этнос пен діндердің бір мемлекеттік құрылымда шоғырланған елдің тағы бір мысалы – Ливан Республикасы. Ливан – бұл ХХ ғ. ғана толық жеке дара мемлекеттік құрылым ретінде пайда болды. Бұған дейін ғасырлар бойы Осман империясының отары Сирияның құрамдас бөлігі ретінде бүгінгі тәуелсіз мемлекет Сирия Араб Республикасымен бүкіл салаларда байланысы тығыз. Екі елдің ұқсастығы құрамында араб, күрд, армян, түрік, черкесс, шешен және т.б. ұлттардың көп болуы. Оған қоса көпшілік құрайтын араб ұлтының түрлі діни ағымдарға жататыны саясаттан бастап өмірдің бүкіл салаларында қарама-қайшылықтардың болуына әкелді. Сирия мен Ливандағы араб халқы ислам мен христиан діндерін ұстанады. Мұсылман арабтар суннит және шиит атты екі ірі топқа бөлінеді. Олардан басқа түрлі алевит, друз және т.б. сияқты жеке этноконфессионалды топтар бар [2]. Ал христиан арабтар өз көпшілігінде көне Шығыс Шіркеуіне жатқызылады. Күрд, армян, Кавказ халықтарының бар болуы екі мемлекетті де көп ұлтты халықтың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін конфессиялық саяси жүйені талап етеді. Нәтижесінде, 1943 жылдан бері Ливан Республикасының президенті болып тек Маронит Христиан қауымының өкілі ғана, премьер-министр болып тек суннит мұсылман, парламент төрағасы болып тек шиит мұсылман және премьер министр мен парламент төраға орынбасарлары боп тек Шығыс Ортодокс христиандары қауымының өкілдері ғана сайлануға құқықты. Алайда, бүкіл көпшілік конфессиялардың өкілдерінің билікте болуы да ғасырлар бойы болған қарама-қайшылықтар себеп болған Ливандағы 1975-1990 жылдарындағы Азамат соғысының басталуынан қорғай алмады. 150 мыңға жуық халық шейіт болған соғыс Ливанның экономикалық жетістіктерін теріс қылып, елдің жағдайын нашар болуына әкелді. Соғыстың басталу себептері саясаттағы ықпалы зор түрлі конфессияға жататын топтардың бір-бірімен күресімен себепті. Экономиканың бірқатар салаларында ықпалы мен бақылауы күшті отбасылар жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында парламентте өзіне адал саясаткерді қолдаумен болды. Басында христиандар

басым болған Ливанда 1948 және 1967 жылдары көрші Палестинадан Израильдің соғыстарынан көшуге мәжбүр болған палестиналықтар мұсылман халқының үлесін әлдеқайда жоғарылатып, елдегі екі ірі топтың тепе-теңдігіне әкелді. Бүгін Ливандағы жағдай тұрақты, бірақ болжамдар бойынша, қазіргі ауыр экономикалық ахуал өзгермесе, әлеуметтік қақтығыстар конфессиялық топтардың күресін қайта бастауы мүмкін.

Ливандағы 1975-1990 ж.ж. азаматтық соғысындағы мұсылмандардың жағында соғысқан палестиналықтар өз кезегінде басқа Таяу шығыстағы ірі қақтығыстан қашып босқын болуға мәжбүр болды. Палестинада 1948 жылдан бері еврей халқының ұлттық мемлекеті деп жарияланған Израиль мен Ислам дінінің таралуы кезінен бері мекендеген араб-мұсылман халқы құрған Палестина мемлекетінің арасындағы қақтығыс жалғасып жатыр. Басым көпшілігі арабтар болған Палестина жері Осман империясының құлауынан кейін Британ империясының бақылауына өтіп, мандаттық басқаруында болды. Дүние жүзі еврейлерінің сионистік ұйымы еуропалық державаның билігімен Палестина жерін бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінен еврейлермен қоныстануына келісіміне қол жеткізіп, араб-мұсылман халқының жерлерін басып алуды бастады. Бұл мандаттық Палестинада азаматтық соғысқа әкелді. Кейін II дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейін Палестинаға тәуелсіздік беруді жөн көрген Ұлыбритания өңірдегі араб және еврей халқының жеке мемлекеттерін құру ұсынымын Біріккен Ұлттар Ұйымына жіберді. БҰҰ Палестина территориясында араб халқы басым болатын Палестина және еврей халқы басым болатын Израиль мемлекеттерін құру шешімін қабылдады. Бұл шешімге наразы болған араб мемлекеттері, олардың қатарында Мысыр, Сауд Арабиясы, Ирак, Иордания, Сирия, Ливан және т.б. еврей халқының басшылығына ультиматум қойды. Бірақ бұл ультиматумға қарамастан, еврей халқы 1948 жылы 18 мамыр күні Израиль мемлекетінің құрылуының жариялады. Келесі күні жоғарыда аталған араб елдері әскери коалиция құрып, Израильге қарсы соғыс жариялады. Бірақ, алғашқы араб-израиль соғысының нәтижесінде Израиль мемлекеті жеңіске жетті. Палестинадағы арабтар көрші Сирия, Ливан, Иордания мемлекеттеріне қашып, босқындар азабын тартты [3]. XX ғ. барысында тағы бірнеше араб-израиль соғыстары Таяу Шығыстағы саяси картаны талай рет өзгертіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қобалжуын етті. Уақыт өткен сайын, әскери жолмен бұрынғы өзеннен теңізге дейінгі территориялық тұтастығын қалпына келтіру мүмкін емес деп шешкен Палестина азат ету ұйымы 1993 жылы бітім құрып, Израиль мемлекетін мойындады. Алайда, 1993 жылғы Осло келісімдерінің шарттарының арасындағы Израильдің 1967 жылғы соғысқа дейінгі шекараларға қайту талабы іс жүзінде орындалмай жатыр. Оған қоса, жергілікті араб халқы өз үйлерінен қуалып, тұтас елді мекендердің еврей халқына өту үдерісі болып жатыр. Бұл халықтардың арасындағы даудың күшеюіне үлесін қосып жүр. Араб халқынан басқа Палестинадағы христиандар да еврей халқымен қақтығыстарға тап болып жүр.

Таяу Шығыстағы тағы этноконфессиялық шиеленістер нәтижесінде басталған ірі қақтығыс – Сириядағы азаматтық соғыс. Бұл қақтығыстың да себептері XX ғ. басында болған отар әкімшілігінің саясатымен байланысты. Осман империясының құлауынан кейін бүгінгі Сирия аумағы Франция мандатының басқаруында болды. Отарлық әкімшілік қарулы күштерінің қатарына жергілікті халықтың көпшілігі болған суннит мұсылмандары қызметке барудан бас тартты. Себебі Отанын жаулап алған жаудың қызметінде жүруді ұят деп санады. Ал азшылық құраған алевит этноконфессиялық тобының өкілдері француз әскеріне қызметті әлеуметтік жағдайды жақсарту мүмкіндігі деп қарастырып, үлкен мөлшерде қызметке барды. Бұның нәтижесінде, кейін тәуелсіз болған Сирия Араб

Республикасының қарулы күштерінің жеке құрамының 70% алевиттерден тұрды [4]. 1970 ж.ж. елдегі саяси кризистің кезінде әскер басында болған алевит генерал Хафез Асад жағдайды пайдаланып, билікке қол жеткізді. Кейін, уақыт өте келе, Сириядағы бүкіл саяси және экономикалық өмірдің басында президент Хафез Асадқа жақын алевит халқының өкілдері болды. Осылайша, суннит мұсылмандар көпшілік құрайтын Сирияда азшылық алевиттер билікке қол жеткізді. Бұған наразы болған суннит мұсылмандар 2011 жылы Араб көктемі кезіндегі митингтерде елдегі саяси жағдайдың өзгертуін талап етті. Алайда, сол ереуілдер шиеленісіп, ақырында бірнеше жақтар қатысқан ірі Азаматтық соғысқа әкелді. Өлі 2011 жылға дейінгі аумағына толық үстемдікке қол жеткізе алмай жүрген Сирияда күрд халқы да жасақтар құрып, әскери іс-әрекеттер ұйымдастырумен болды. Азшылық, бірақ сан жағынан едәуір күшті құрайтын шиит мұсылмандарға Иран Ислам Республикасы әскери қолдау көрсетеді. Осылайша, Сириядағы Азаматтық соғыс ХХІ ғ. Таяу Шығыстағы ең ірі әскери қақтығыс болды [5].

Жоғарыда қарастырылған қақтығыстардың бүкілі саяси, идеологиялық қайшылықтардан гөрі сан алуан этноконфессиялық топтардың бір-бірімен бәсекелестіктердің себебінен басталған. Сирия, Ливан және Палестинадағы шиеленістердің тамырлары отарлық әкімшілік билігінің саясатынан бастау алғандығын байқа отырып, Таяу Шығыстың саяси өмірінде сыртқы ойыншылардың ықпалы зор екендігін тұжырымдауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ганиев Т.А., Карякин В.В. гражданская война в Ливии: ход боевых действий и интересы сторон. <https://cyberleninka.ru/article/n/grazhdanskaya-voyna-v-livii-hod-boevyh-deystviy-i-interesy-storon> [Есепке алынған күн: 12.02.2023].
2. Камраков. А.А. Этноконфессиональные меньшинства в политическом процессе на Ближнем и Среднем Востоке: особенности институционального развития и диаспоральной деятельности. <http://www.unn.ru/pages/disser/569.pdf>
3. Сапронова. М.А. Арабо-мусульманский мир. История, география, общество. – Казань: Казан. ун-т, 2013. – 360 с.
4. Халед. А. Особенности современных политических конфликтов на Ближнем Востоке. <https://mgimo.ru/upload/iblock/d9b/blizhnij-vostok-v-fokuse-politicheskoy-analitiki.pdf>
5. Тасболат. Е. Сирия спектаклінің ақиқатқа жақын үш себебі. <https://abai.kz/post/17858> [Есепке алынған күн: 10.03.2023].

УДК 94

ЯПОНСКАЯ МЕДИЦИНА: ОТ РИТУАЛОВ К СУПЕРИННОВАЦИЯМ

Алдияров Шыңғысхан Сатыбалдыұлы

guffin6475@mail.ru

Студент 2 курса факультета международных отношений Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
Научный руководитель – А.А. Тлеубаева